

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ - АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ
«ТАЛДЫҚОРҒАН ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МҚҚК



Әдістемелік кеңес
отырысында қаралды
«27» 08 2022 жыл



БЕКІТЕМІН
Талдықорған гуманитарлық-
техникалық колледжі директоры
А.Джумадилов
«31» 08 2022 жыл

КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

Талдықорған, 2022 жыл

Мазмұны

- 1 Қолдану саласы
- 2 Нормативтік сілтемелер
- 3 Терминдер анықтамалар, және қысқартулар
- 4 Жалпы ережелер
- 5 Жауапкершілік
- 6 Практика түрлері
- 7 Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу
- 8 Кәсіптік практика жұмысының мақсаты мен міндеті
- 9 Кәсіпорындарды колледж үшін практика базалары ретінде анықтау
- 10 1 - қосымша
- 11 2 - қосымшас
- 12 3 - қосымша

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы ереже «Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК білім алушыларының кәсіптік практикасын ұйымдастыруға, оның мазмұнына және өткізуге қойылатын талаптарды анықтайды.

Ереже кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізуді жүргізетін жауапты қызметкерлерге таратылады.

Осы ереже талаптарын колледж білім алушылары кәсіптік практика үрдісінде нұсқаулық ретінде қолданылады.

Кәсіптік практиканы өткізу ұйымдары мен кәсіпорындарына да осы ереже таныстырылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығы
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы
- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы.
- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары № 125 бұйрығы.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР, ҚЫСҚАРТУЛАР

Колледждің осы ережесінде тиісті терминдер мен анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Кәсіптік практика – білім алушылардың колледжде оқу процесінде алған теориялық білімдерін бекітуге бағытталған оқыту нысандарының бірі;

Оқу практикасы – білім алушылардың мамандықты игеруге қажетті білім, шеберлік және дағдыларға ие болуына ықпал етеді;

Өндірістік практика – білім алушылардың таңдаған мамандығы бойынша практикалық білім, шеберлік және дағды беруді мақсат ететін мамандар даярлаудың құрамдас бөлігі;

Диплом алдындағы практика – білім алушының бітіру жұмысын орындау үшін қажетті материалдарды жинау мақсатында дипломдық жобалауды бастамас бұрын жүргізілетін кәсіптік практиканың түрі.

Практикаға жолдама – білім алушының осы кәсіпорында практикадан өтуге тағайындау туралы, атауын, сондай-ақ білім алушылардың тің баратын жері мен келу мерзімін көрсететін құжат.

Практика туралы есеп - білім алушының кәсіптік практикадан өту нәтижелеріне қатысты қажетті ақпаратты, сондай-ақ оның кәсіпорындарда оқу процесінде алған теориялық және практикалық білімі мен дағдыларын көрсететін құжат.

Есеп - білім алушының кәсіптік практикасын бақылаудың қорытынды формасы, оған практика барысында жиналған, талданған және жүйеленген материалдар кіреді.